

АЙҚЫН

«ЖЕТІ КӨСЕМ» ТАҒЫЛЫМЫ



Ғалым Аманқос Мектептегі қазақ баспасөзінің тарихына қатысты көптеген еңбектер жазды. XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарды мұрағаттардан іздеп тауып, араб алфавитіндегі Алаш ардақтыларының сан алуан жарияланымдарын ғылыми айналымға енгізді. Бұл зерттеуінде Мәскеу, Петербор, Ташкент, Орынбор, Қазан, Уфа, Алматы мұрағаттарынан және кітапханалардың сирек қолжазбалар қорларында сақталған, қалтарыста қалып қойған беймәлім деректерді талдап, таразылайды.

«Жеті көсем» деп отырғаны – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жаһаншаһ пен Халел Досмұхамедұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Мұстафа Шоқайұлы. Әрқайсысы жеке-жеке зерттеу еңбектерге негіз болатындай соңында сан қилы мол мұра қалдырған жасампаз тұлғалар. Өткен жылы Алаш қозғалысы мен Алаш автономиясының жарияланғанына 100 жыл толды. 1917 жылы желтоқсанның 5 мен 13 аралығында бұрынғы астанамыз Орынбор қаласында өткен Жалпы Қазақ-қырғыз құрылтайының қаулысы бойынша Алаш автономиясы жарияланған еді. Бұл ресми түрде мойындалған ғасыр басындағы Қазақ мемлекеті болатын. Оған осы кітаптағы ғалымның мына ойлары дәлел бола алады: «Алаш автономиясына кіретін облыстар: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкейордасы, Закаспи облысының Маңғышлақ үезі, Самарқанд облысының Жизак үезі, Әмудария отдели, Алтай гүбернасына қараған Биіскі, Барнауыл, Земиногор үезіндегі қазақтар» [Ол кездегі әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша облыстардың саны мен сапалық жағынан өзгешелігі мен ерекшелігі барлығын ескерте кетеміз – А.Мек.]. Міне, осы Алашорданың ресми жолдаған нотасынан соң Кеңес өкіметінің көсемдері В.Ленин мен И.Сталин Әлихан Бөкейхан мен Халел Ғаббасұлының атына жіберген жеделхатта былай деп мәлімдеуге мәжбүр болған еді: «Һәр халықтың өз билігін өзіне береміз деп шашқан закон жарлығымыз әлі сол қалпында – айтқанымыз айтқан. Сіздердің өкілдеріңіз (Жаһаншаһ пен Халел Досмұхамедұлы – А. Мек.) бізге әкеліп тапсырған Жалпы қазақ сиезінің қаулысын түгелімен қабыл аламыз...». Дөңгеленген жұмыр дүниенің Қазақ елін саяси дербес субъекті ретінде танып білуіне, кейін тар жол, тайғақ кешкен қыл көпірден де өзіне тиесілі үлесі мен ұпайын жібермей, Кеңестік федерация құрамындағы жеке автономия немесе республика дәрежесінде мойындалуы – сол арыстарымыздың күш-жігерімен жүзеге асқаны ақиқат».

Кітапта бүгінгі кезде де өз маңызын жоймаған Алаш қайраткерлерінің асыл ойлары Темірқазықтай жарқырап күллі қазаққа жол сілтеп тұр. Жан-жағымызды жаһандану торлап, алар бағытымыз бұлыңғырланған қазіргі алмағайып заманда Алаш ардақтыларының бағдаршамдай айқын идеялары көкейдегі дүдәмал жайды дөп басады. Мәселен, «Қазақтың ресми мемлекеттігін қайта қалпына келтіріп, барша жұртқа жар салып жариялаған 1917 жылы шер толқытқан көңіл түкпіріндегі алаңын Міржақып Дулатұлы еріксіз ақтарып салған еді:

«Қазақ деген халық едік. Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді.

– Осылардай ұжмаққа меңзес жерлерің бар еді.

– Құс көшердей көлдерің бар еді.

– Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді.

– Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді.

– Ердің құнын екі ауыз сөзбен беретін билерің бар еді.

– Ел бастайтын көсемің бар еді.

– Сөз бастайтын шешенің бар еді.

– Ақ киізге көтерген хандарың бар еді.

– Ізгі қария шалдарың бар еді.

– Сауық-сайран жиының бар еді.

– Кедейің жоқ, бай едің.

– Төрт түлікке сай едің.

– Бақ-береке ұйымың бар еді.

– Сол күндерде арманың бар ма еді?

– Жоқ секілді еді.

– Сонан да қазақ айырылып едің! Онан қымбат нең бар еді?

– Мойныңа бұғалық түсті, бұлқынбадың.

– Құрық көтеріп еді, қолға тұрдың.

– Арғымақ едің, жабы болдың. Жүгенсіз мінді. Қақпайлап жүрді. Ерқашты қылды. Көне бердің. Баяғы дәурен көзіңнен бұл-бұл ұшты. Қамықтың. Жабықтың.

– Көзіңнің жасын Құдай иеді!

Қам қылған жоқсың. Қам қылуға уақытың болған жоқ.

– Уақытың талас-тартысқа кетті. Өзді-өзіңнің таласыңа кетті.

– Елдің көркі ер еді.

– Біздің қазақтың басшылары тана-моншаққа қызығып, жер жүзінде неш бір халық дәреже көрмеген болыстықты зор абырой, зор бақыт көріп, адасты. Талас қанына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды.

– Ер адасса, ел адасушы еді. Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты. Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ. Көздің жасын Құдай иген уақытта да жөнге түскен жоқ...».

Иә, ащы да болса, қара қылды қақ жарған сыни пікірдің дәл бүгінгі күні де мән-маңызын жоғалтпағаны шындық. Қазақтың кері кеткен мінезін Міржақып Дулатұлыдай күлтелемей, семсердей өткір тілмен тіліп айтқан жан кемде-кем».

Алаштануға қосылған сүбелі еңбек «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шықты. Көлемі 42 баспа табақ іргелі зерттеудің таралымы ешбір сын көтермейтін өте аздығы өкінішті-ақ. Оқырманның сұранысына қажетті, соның ішінде студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен докторанттарға, жалпы Алаштануға қызығушы әлеуметке мұндай тарихи тағылымдық, ғибраттық мәні зор, бұрын-соңды көпшілікке беймәлім архивтік құжаттар мен деректерге бай, иллюстрациялық құнды ақпарат сырына қанықтыратын ғылыми-танымдық әдебиеттер дүкен сөрелерінде шаң басып жатып қалмасына кепілміз. Баспаның қаржылық-коммерциялық мүддесі тұрғысынан да тиімді әрі пайда әкелетіндігі өз алдына, ең бастысы, бүгінгідей шығармашылық бәсекелестікке

түскен дәуірде ұжымға абырой, бедел жинауға септігі тиетін басылым екеніне баса назар аударғымыз келеді. Сондай-ақ зерттеуде Жеті көсемнен басқа алғаш рет Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұд Торайғырұлы, Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы, Смахан Бөкейхан, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы, Есенқұл Маманұлы, Қайыржан Бекхожин, тағы басқа алаштың ардақ тұтқан ұлдарының ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық ғибратты ісі мен ел-жұртының азаттығы үшін тар жол, тайғақ кешкен қилы тағдыр талайы тартымды тілмен айшықты бейнеленген.

Аманқос Құлтанұлының зерттеу еңбегінің құндылығы – өткен ғасырдың басындағы зиялыларымыздың қазіргі күнде де маңызын жоймаған батыл пікірлерін, өткір байламдарын қазақ баласының қайта есіне салуы дер едік. Кітап «Жеті көсем» деп аталғанымен, жоғарыда аты аталған Алаш арыстарынан басқа да бірқатар ұлы перзенттердің жазбалары талданып, таразыланады. Мәселен, бүкіл түрік дүниесіне адал еңбек сіңірген біртуар тұлға Ысмағұлбек Ғаспрәлі туралы толғанысы жан тебіренеді. Түрік әлемінің төрінде аты аталатын осы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын, ол шығарған «Тәржіман» газетін Аманқостай зерттеген ғалым қазақта жоқ деуге болады. Осы кітаптағы Ысмағұлбек Ғаспрәлінің мына ойлары жер туралы сан алуан әңгімелер дауыл күнгі өрттей өршіп тұрған бүгінгі мазасыз шақта әр қазақтың жүрек төрінен орын алары күмәнсіз.

«Білесіздер, топырақ – Алла емес. Бірақ Алланың жаратқан нәрсесінің ең оңдысы, ең қадірлісі, жанға саясы, жұртқа панасы. Адам мақұлықтардың құрметтісі, артығы дейсіздер. Құдай Тағала адамды алтыннан жаратқан жоқ, күмістен де жаратқан жоқ, баяғы жақынға сая, жұртқа пана болған топырақтан жаратты. Алтын да топырақтың құтыменен болған нәрсе. Жанға құт беретін, ғұмырға берекет беретін, арысаң ат, ашықсаң тамақ болатын ТОПЫРАҚ, ТОПЫРАҚ және ТОПЫРАҚ! Айтып-айтып келіп, мынаны айтамын, шырақтарым. Бақ болсын, бақша болсын, қара болсын, тақыр болсын, тас болсын, қолыңа тиген топырақтан айырылма! Мойындарыңдағы парыз осы!...». Бұл дауыс, жар сала шыққан жан дауыс – бірте-бірте қасиетті жерінен айырыла бастаған қазақ, қырғыз, башқұрт бауырларына қарата айтқан Ысмағұлбек баба Ғаспрәлінің [Ғаспринскийдің] дауысы болатын».

Осы зерттеу еңбекте ғылыми айналымға енгізілетін «Тәржіман» газеті, «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, «Қазақстан» газеті, Францияда басылған «Мусулманин» журналы, «Сана» журналы, «Шолпан» журналы, «Сарыарқа» газеті, «Бірлік туы» газеті, эмиграцияда жарық көрген «Жас Түркістан» журналы, «Қазақ мұңы», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттері, тағы басқа мерзімді басылымдардағы Алаш қайраткерлерінің мәңгі өшпейтін асыл мұратынан мол-мол мағлұмат беріледі. Мұнда Алаш шежіресі де, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының жанкешті еңбегі де, олардың өмірі мен шығармашылығының беймәлім беттері кеңінен ашылған. Сондықтан да ғалым А.Мектептегінің жылдар бойғы тірнектеп жинаған, ой елегінен өткізген, жүрек түкпірінен шыққан бұл еңбегінің ұлтымыздың ұлы мұратына қосылған қомақты үлес деп бағалауға негіз бар. Бұл кітапты оқып шыққан әрбір азамат Алаш рухымен тыныстап, ұлтымыз үшін өмірін арнайтындығына бек сенемін!

Бауыржан ЖАҚЫП

ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор